

А.З.Қазанбаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Этнофразеологизмдердің тілдік сипаты

Мақалада қазақ тілі этнофразеологизмдерінің көркем мәтіндегі қызметі қарастырылады. Этнофразеологизмдер этнос мәнімен тікелей байланысты фразеологиялық бірліктердің ерекше қатпары болып айқындалады. Бұндай фразеологизмдерде ұлттық дүниетаным, психология, менталитет, халықтың салт-дәстүрлері көрініс тапқан. Этнофразеологизмдер тілдің мәдениетпен байланысы байқалатын ұлттық тілдің лексикалық қорының бай қатпары болып табылады. Этнофразеологизмдердің жалпылама табиғаты нақты көркем мәтін мысалдары негізінде көрсетілген.

Кілтті сөздер: этнофразеологизмдердің қызмет етуі, фразеологиялық тіркестер, фразеологиялық бірлік қабаты, лексикалық қор, ұлттық дүниетаным, халықтың салт-дәстүрі, тұрақты тіркестер.

Тіліміздегі фразеологиялық тіркестер лексиканың ең бір негізгі саласы, тіл байлығының көрсеткіші болып табылады. Тұрақты тіркестер өзінің экспрессивті-эмоциялық әсерлігімен көзге түседі. Фразеологиялық тіркестер мәнерлілік қасиетіне байланысты көркем шығармада молынан қолданылып, олар адамның тіл байлығын арттыруға, ойын өрістетуге, көркемдік талғамын ұштауға жәрдемін тигізеді.

Қазақ тіл білімінде, тюркологияда фразеологияның жалпы проблемалары бұл күнде жан-жақты қарастырылуда. Жалпы тюркологияда елеулі орын алатын бұрынғы сөздіктерде идиомдық және басқа тұрақты сөз тіркестері тым сирек кездеседі. Фразеологизмдер — тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі, яғни өзінің көнелену жағынан да, тұлға, мағына тұрақтылығы жағынан, стиль жағынан да оларға тән ерекшеліктері бар. Тілімізде көкейге қонымды, көркем, тілге орамды алуан түрлі сөз тіркестері кездеседі. Тіл қазынасына жататын қат-қабат тіркес, тізбектерді халық орынды пайдаланады. Мақал-мәтелдермен бара-бар жоғары бағалап, оларды сақтап келеді. Сол сан-саналы тізбек, қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерін жинау, топтастыру, мән-мағынасын ашудың қажеттілігін байқаймыз.

Тіл-тілдің өзіне лайық қасиеті оның барлық тарауларынан байқалатыны мәлім. Сол қасиет, әрине, тиянақты сөз тіркестерінен де анық көрінеді. Сөз байлығын тексеретін тіл білімі ең бір маңызды саласын лексикология дейтін болсақ, тіліміздегі фразеологиялық байлықты тексеретін сала фразеология екені баршамызға мәлім.

Қазіргі таңда талай жылдарды артқа салып, қазақ тілінің бай фактілерін негізге алып, ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, фразеологизмдер өз алдына бөлек лингвистика саласы екенін баса айтқанымыз жөн.

Қазақ тіліндегі этнофразеологизмдер өзіндік жеке, дербес салаға қатысты, осыған байланысты фразеологизмдер этнографиялық сипаты әр түрлі тілдік фактілермен ерекшеленіп, ұлт тілінде тарихи сипатқа ие болады. Бұлардың бәрі этнос өмірінде туындап, өзіне ғана тән рухани, мәдени танымды бояу нақышымен тағы бір қырынан суреттеліп, тіл әлемінде ерекше қолданылып, айрықша сөзқолданыстардың бірі болып табылады.

Қазіргі тіл білімі тілді адам мен ойлаумен, сана-сезіммен байланыстыра үйретуге тырысумен қатар, тілдік фактілерді де тілдік тұлғамен және ұжыммен тығыз ара-қатынаста зерттеумен де

ерекшеленеді, бұндай жағдайда тілдің ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне, сонымен қатар тілдік бірлікті зерттеуге үлкен көңіл бөлініп келеді.

Тілдегі этнофразеологизмдер халықтың дүниетанымы, болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, рухани мәдениеті сол халықтың тіршілігінен, өмір сүрген ортасынан, менталитетінен, психологиясынан, әлеуметтік-саяси көзқарасынан мағлұмат беретін ұлттық құбылыс болып табылады. Тіл — мәдениеттің феномені, ұлт мәдениетінің көрінісі ретінде ғылымда өз дәрежесінде әлі де зерттелмей келеді. Тіл — рухани күш. Демек, тіл және семиотикалық таңбалар арқылы адам кез келген құбылысты қабылдап, оған баға беріп, өз көзқарасымен ойын білдіре алады [1].

Этнофразеологизмдер ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тұрмыс ерекшеліктер, тарихи-мәдени болмыс және ұлт тіліндегі басқа да көріністер арқылы суреттеледі. Мысалы: «қол қусырып қой сою» — құрмет көрсету, қонақжайлылықты білдіреді, «құрсақ шашу», «бетке ұн жағу», «құда түсіп, құйрық жеу» сияқты этнофразеологизмдер келін немесе күйеу баланың келу құрметіне байланысты қолданылады. Бұл этнофразеологизмдер қазақ халқының салт-дәстүрлерін ашады.

Ұлттық танымның фразеологияда көріну себебі ол тілден тыс шындықты бейнелейді. Тілдің басқа да көптеген құрылымдық бірліктері сияқты, фразеологизмдер де кумулятивтік қызмет атқарады. Этнофразеологизмдердің кумулятивтік қызметі культтік-мифологиялық және діни таныммен байланысты туған үлгілерден анық көрінеді.

Фразеологизмдер әлемнің нақты көрінісін суреттейтін мағыналық немесе тақырыптық жақтарына бірігуі мүмкін, сонымен қатар фразеологиялық бірліктерден бейнелік «айналасынан» адамның ішкі және сыртқы өзгешелігін, физикалық жағдайын және қимылын, сезімін, қызметін, тәртібін, кеңістікті, уақытты және т.б. сияқты әлемнің түрлі көріністерін көруге болады.

Тілдердің ұлттық мәдени ерекшеліктерінің басқа тілдерде объективті ақиқатының көрінуі әр түрлі. Әр түрлі тілдердегі объективті ақиқаттың әрқалай даралануының негізгі себебі белгілі бір құбылыстардың бір халықтан гөрі екінші халыққа көбірек әсер ететіндігінде болып табылады.

Этнофразеологиялық қор негізінде мәдениет пен тілдің арасындағы байланысты көрсету қазіргі тіл білімінің басты мәселелерінің бірі болып табылады. Кез келген тілде ерте дамыған жазба мәдениет дәстүрі, халық тілінің даму динамикасы көрініс береді. Тілдің этнофразеологиялық қоры — сол тілде сөйлейтін жекелеген ұлттардың мәдениет танымның айнасы. Ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын этнофразеологизмдердің орны әлемнің тілдік бейнесін жасауда ерекше. Оны танымдық тұрғыдан талдау адамзат өркениетіндегі ұлттық мәдениеттің табиғатын ашуға мүмкіндік береді.

Ұлттық болмыстың өзіндік бояу-бедерін әдетте туған тіл табиғатынан іздеп тауып, ана тілінің қадір-қасиетін болашақ алдында терең таныту үшін еңбек ететін көркем сөз шеберлері — ақын-жазушылар, көсемсөз иелерінің қызметі айрықша.

Тақырып, мағына, тұлға жағынан әр түрлі болып келетін тұрақты тіркестердің үлкен бір саласы тілімізде фразеологизмдер десек, сайып келгенде, олар да қандай ұғым-түсінікке қатысты болмасын, адамның іс-әрекетін, сын-сипатын, қалып-күйін, дүниетанымын өзіндік бояу-нақышымен бейнелейтін танымдық мәні зор көркем сөз бұлақтарына жатады.

Фразеологизмдердің семантикалық жүйесі жайында мынаны айтуға болады. Тіл иесі — халықтың басынан өткен шындығына сай туған сан салалы фразеологиялық единицалар әлеуметтік, шаруашылық, діни, тағы да басқа факторлардың әсерімен пайда болған. Олардың құрылым жағынан қалыптасуында, компоненттерінің тіркесу амалдарында нақтылы бір заңдылығы болатын тәрізді ФЕ-нің мағына тұрғысынан саралануында да тиянақты тәртіп, жүйе бар. Бұлай болудың себептері өзінен-өзі түсінікті. Өйткені олар әлеуметтік жағдайға жанасып, өз заманының талабына сай туып жатады. Әрқилы экстралингвистикалық, яғни сыртқы факторға сәйкес туған фразеологизмдермен, бара-бар жынысқа, мекен-мезгілге, өлшемге, көңіл-күйіне, адамдардың өзара қарым-қатынасына, жас ерекшелігіне, мінез-құлыққа, салт-санаға, тағы да басқаға байланысты топтастырылатын да фразеологизмдер бар.

Ғалым Ә.Қайдар этнолингвистика туралы «ол — этностың инсандық һәм дүнияуи табиғатын тереңнен танып білу үшін басқа емес, тек тіл феноменінің өзіне ғана тән ғажайып мүмкіншіліктері мен қазына байлығын зерделеп зерттеуді мақсат ететін ғылым» деген анықтама бере отырып, тілдің лексика-семантикалық қорын дамытудың, байытудың көздері ретінде этнолингвистикалық арналарды ұсынады: 1. Баламалар. 2. Тұрақты теңеулер. 3. Фразеологизмдер. 4. Мақал-мәтелдер. 5. Жұмбақтар. 6. Ауыз әдебиеті үлгілері [2; 8].

Фразеологизмдердің түп-төркіні тым әріге кетеді. Адам баласы сонау отқа, суға, көп құдайға табынған шағында-ақ талай-талай заттарды киелі санап, оларға өздерінше лақап ат қойған. Тілімізде сол ежелгі дәуірден келе жатқан Қамбар ата (жылқышы ата), Шекшек ата, Зеңгі баба, Ойсыл қара, Шопан ата тәрізді тіркестер бар. Олар ескі наным-сенім бойынша төрт түлік малдың сақтаушысы, қорғаны, мифологиялық «иесі» болыпты-мыс.

Күні бүгінге дейін сақталып жүрген «отқа май құю, от ана, Ұмай ана, жарылқа» тәрізді фразеологизмдер ислам діні тармастан көп бұрын қалыптасқан, шаманизм түсінігінен туған тіркестер. Мысалы, *Отқа май құяр (салар)* көне. Жаңа түскен келін мен күйеудің босағаны жаңа аттағанда берер ырым-сыбаға, жол-жоралғысы. *Жырынды жігіт еді құқыл Оспан, Жүйрік тіл, өткір сөздің алдын тосқан. Өңгертіп отқа құяр берді Оспанға. Сол болды күйеу қосшы оған қосқан* (С.Керімбеков). Осы секілді тек қазақ ұлтына ғана тән этнофразеологизмдер де қазақ тілінде көптеп кездеседі. Ғалым Ә.Қайдар этнолингвистиканың негізгі зерттеу объектісі этнолексика, олардың көпшілігі тілімізде көп қолданылатын фразеологизмдер және мақал-мәтелдер екендігін баса айтады. «Олар бара-бара тұрақталып, мағыналық өзгерістерге ұшырауы салдарынан этнофразеологизм және мақал-мәтел дәрежесіне көтеріледі. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді», — дейді [2; 18]. Демек этнолингвистикалық арналардың бірі болып табылатын фразеологизмдер — халқымыздың ұлттық ерекшелігін көрсететін басты байлығымыздың бірі.

Тілдің этнофразеологиялық қорында тұтас бір мәдениеттің сарқылмайтын байлығы жататыны мәлім. Өйткені тіл мен мәдениет өзара қарым-қатынаста өмір сүреді, сондықтан да тіліміздегі этнофразеологизмдер ұлт тілінде айрықша орын алады. Кез келген тілдегі этнофразеологиялық қорды сан жағынан әрі мазмұн жағынан байытып тұратын фактор — сол тілде сөлейтін халықтың рухани және материалдық мәдениеті. Этнофразеологизмдер — халықтың мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тарихи кезендерін, эстетикалық ойлау болмысын бейнелейтін тілдік маңызды материал болып табылады.

Этнофразеологизм — белгілі бір ұлтқа тән, сол ұлт қолданысының әдет-ғұрып, салт-сана, мәдениетіне байланысты кездесетін фразеологизмдер. Мәселен, *азан айтты, бас құда, қалың мал, дөнен қымыз, шаңырақ көтерді, тұсау кесті, қырқынан шықты, үйірімен үш тоғыз*, тағы басқалары секілді фразеологизмдер өзге ұлттарда кездеспейді.

Этнос ғылым жүзінде: «өткен дәуірлерде дүниеге келіп, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, шұғылданған тірлік-тіршілігі бірыңғай, мінез-құлқы ұқсас, діні де, тілі де бір, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ортақ, өзінің ортақ тегін, туыстығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы» болып табылады [2; 10].

Мұндай этностар жер жүзінде көп және олар сан жағынан да, даму сатысы бойынша да әр түрлі. Көбісі халық, ұлт дәрежесіне көтерілсе, ру-тайпа деңгейінде қалып қойғандары да аз емес. Қазақ этносы болса, бүгінде өзінің шарықтау шегі — ұлт дәрежесіне көтеріліп отыр. Зерттеу мақсатына байланысты қазақты «этнос» деп қараудағы мақсат — оны төмендету емес, қайта оның басып өткен ұзақ та сатылы даму жолын (ретроспективті бағытта) саралай түсінудің, тарихи этнотұлға ретінде танудың бірден-бір дұрыс жолы, кепілдігі деген сөз [2; 12].

Енді осы «этнос» деген тарихи күрделі ұғымды сол қалпында ала салмай, этнофразеологизмдер деп қарастырудың себебіне келсек, ол да ойға қонарлық дүние.

Біріншіден, біз фразеологияны тұтастай емес, ондағы ұлтқа тән тұрақты сөз тіркесін бөліп қарауды жөн көрдік. Екіншіден, этнос туралы толық мағлұмат тек оның тіл қазынасында ғана сақталады. Этнос туралы кейбір деректер бүгінгі ұрпаққа археологиялық қазбалар мен сәулет кесенелері, тас мүсіндері мен қашалып жазылған тас ескерткіштері арқылы да жетіп жатады. Бірақ бұлардың бәрі — этнос басып өткен өмірдің мың да бір елесі ғана. Этностың шынайы белгісі, бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тіл арқылы ұрпақ жадында ғана сақталады екен. Этнос тілінде тек оның өзі туралы ғана емес, өзі жасап келе жатқан табиғи ортасы мен қоғамдағы қарым-қатынастары туралы да, жан дүниесі, жүрек сыры, қуануы, сүйінуі, ренжуі мен күлуі, түс көруі, ұққаны мен түйгені, танымы мен талғамы, барлық тағы басқа құбылысты өзінше бағалап-бағамдауы — бәрі-бәрі, біле білсек, өз тілінде өрнегін тауып, өзін-өзі көрсететін айна іспеттес [2; 11].

Қазақ халқы өзінің өткен тарихында талай көрші елдермен, шет жұрттармен экономикалық әрі мәдени қарым-қатынасты басынан кешіргені мәлім. Тілімізде осыған орай туған толып жатқан тіркестер бар. Олардың бірқыдыруы жазба әдебиеті, хиссалар арқылы, екіншілері — сауда-саттыққа байланысты, үшіншілері — дін таратушылардың уағызымен, тағы біреулері екі елдің күнкөріс

тірлігіндегі ортақ ой-сана, дәстүр таукіметімен түрліше ықпалдарға сай туып отырған. Мәселен, қазақ арасына таралған *Абылай аспас асу; Атымтайдай жомарт бол; Наушаруандай әділ бол; Аплатондай ақылды; Бұланнан үлкен аң болмас; бұланайдан үлкен тау болмас; Барар жерің Балқан тау, ода біздің көрген тау; Ұлын ырымға, қызын қырымға*, тағы басқа фразаларда өзге жұрттардың өткендегі мәшһүр адамдары, шет елдің топоним, ел билеу, әкімшілік қалпын қабылдауға байланысты енген толып жатқан фразеологизмдер бар. Мәселен, кейбір зерттеушілердің еңбектерінде қазақ арасындағы «тоғыз» санына байланысты ырым-кәде, тарту-таралғы, айып-жазаның көбі монғол елінің мәдени тіршілігінен ауысқан делінген. Осыдан келіп тілімізде *бір тоғыз, үш тоғыз, бас тоғыз, аяқ тоғыз* тәрізді фразалар келіп шыққан деседі.

Сонымен, этнофразеологизм дегеніміз — этнос болмысына қатысты фразеологиялық бірліктердің жиынтығы, синтезі. Этнофразеологизм — ұлт тілінің таусылмайтын қазынасы.

I. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінен» қазақ ұлтына мейлінше жақын фразалық тіркестер жинастырылды [3]. Сөз таптарына қатыстылығына байланысты сөз етсек, олардың ішінде мол кездескендері зат есім, етістік және аз да болса одағай тіркестер.

Қазақ тілінде де, басқа түркі тілінде сияқты, фразеологизмдердің сөз табына қатыстығы жағынан ең көбі етістік фразеологизмдер. Тұрақты етістікті сөз тіркестері өзінің семантика-грамматикалық табиғатында жалаң және күрделі деп бөледі.

Жалаң етістікті фразеологизмдер үлгісіне: *аза күтті, айтұяқ шалды, бақан аттар, бата қылды; бәйге тікті, бата оқыр* және тағы басқалары жатады.

Күрделі етістікті фразеологизмдердің вариант қатарларына мысалдар: *аза күтті / аза қылды; жаназа оқыды / жаназасын шығарды; жолын қылды / жол алды* және тағы басқа күрделі етістіктер — тұрақты тіркестер, яғни идиомаланған тіркестер. Мұндай іштей грамматикалық жағынан бөлінбейтіндей болып, лексика-грамматикалық жағынан бір ғана негізгі мағынаны білдіретіндей болып орныққан бір бүтін тұлға есебінде қолданылатын етістіктің мұндай түрлерін А.Ысқақов тұрақты тіркестер деп атаған.

Фразеологизмдердің етістікті тіркестеріндегі ұғымның түпқазығы есім сөздерге байланысты. Есім сөздерге тіркесіп айтылатын етістікті компоненттер әр алуан болып келеді.

Етістік мағыналы фразеологизмдердің құрылымы есім мағыналы фразеологизмдерге карағанда күрделі, сонымен қатар оның парадигмалық жіктелуі де бай. Бұл ретте компоненттер құрамындағы ауыстырылып отыратын мәндес, мағыналас, синоним етістіктерінің алатын орны ерекше. Фразеологизмдердің варианттылығы жайында ғалым Г.Смағұлованың еңбегінде жан-жақты қарастырылып, нақты мысалдар негізінде түсіндірілген [4]. Фразеологизмдердің вариант қатарларының саны көп. Мысалы: екі қатарлы: *қара қылды қақ жару қара қылды қырыққа бөлу, қол ұстату / қол ұстатар, аужар айту*; үш қатарлы: *азан айтты / азан шақырды / азан салды*; төрт қатарлы: *ит әуреге салу / ит әуреге түсіру / ит әуресін шығару / итін шығару*; алты қатарлы: *есік көре келу / жыртыс сала келу / қол ұстау / күйеуге есік аштыру / есік аша келді / қоржынын апарды*. Яғни, ескі салтта күйеу жағы қалыңдықтың жасау жабдығын үлкен тойдан көп бұрын, тіпті бір жыл бұрын апарып, күйеуді қалыңдық еліне көрсетіп, көп ырым-салттардан өтіп қайтатын болған. Сол барысты осылай атаған. Онан соң күйеуге есік аштырады. Мұның мағынасы күйеу бірнеше адам жолдас ертіп, қайынына келеді (Ә.А.Д.).

Абайдың бұл келісі ұрын келу деп, жыртыс сала келу деп, кейде есік көре келу деп, қол ұстау деп те аталады (М.Ә.).

Қазақ тілінде де басқа түркі тіліндегі сияқты етістіктің аналитикалық түрлері өте көп кездеседі.

Осыған орай, фразеологизмдердің вариант қатарларының біразы есім сөз бен көмекші етістіктердің тіркесі арқылы көбейе беретіні жоғарыда көрсетілген мысалдардан айқын аңғарылады. Көмекші етістіктермен түрленуі арқылы компоненттер саны да өзгермелі болады. Мысалы: *аза күтті, аза қылды. Өлген кісіні жоқтады; қаза тапқан кісінің басы қасында болды. Қырық күн азасын күткен қырышын жас ел қабырғасын қайыстырып кетті* (ауызекі тіл).

Ақ арулап жөнелтті, ақ арулап қойды. Өлікті мейлінше қадірлеп, бар кәдесіне жасап қойды, жерледі. Ең соңғы рет түнетеді үйіне, ақ арулап жөнелтеді және де тағы басқалары (М.Әуезов).

Етістік мағыналы фразеологизмдерді құрамындағы компоненттердің сөз табына қатысын анықтауда қолымыздағы жинаған материалдарға жүгінсек, бірнеше конструкциясының бар екенін байқадық. Мысалы, зат есім + етістік.

Азан айтты (көне). Діни адамдардың намаз алдында дауыстап, жар салып оқитын дұғасы туралы айтылады. *Таңертеңгі уақыт болса керек, иман мешіттің төбесіне шығып алып, азан шақырып тұр екен* («Лен. Жас»).

Аза салды. Қаралы үйге жиын асына, асқа деп, үлес-сыбаға беру. *Құнанбайдың үлкен үйі үш саба, бір ту бие, бір той сойыс апарды. Және азаға салғаным деп, Зере мен Ұлжан түйе апаратын болды* (М.Ә.).

Азасын өткерді. Қайтыс болған кісіні арулап жөнелтті. *Әбіш сол (1919) жылғы көктемге қарай қайтыс болды. Ғабит екеуіміз оның азасын қолдан өткердік* (С.Мұқанов).

Айтұяқ шалды. Құрбандыққа мал сойды (діни сенім бойынша «құдайға құлшылық» істеп, аяулы малын садақаға сою.) *Айтұяқты бозқасқа салып, азан шақырып, Айбарша деп ат қойыпты* (Т.Ахтанов).

Айыл-тұрман тағынды. *Жол жүруге әбден дайындалып, сайланды Айыл-тұрман тағынып, Туған елін сағынып, Ақбөрте тұр желіде, Артқы аяғын қағынып* (Д.Бабатайұлы). *Әз болды. Су қараңғы соқыр болып қалды. Барлық денем сау, тек көзім әз болып қалыпты, — деді Балғын* (С.Бакбергенов).

Зат есім + етістік компоненттері көбінесе ертегілік, аңыздық сипат негізінде қалыптасқан, тұрақты тіркестер тобы мифтік, ертегілік сюжетті факторлармен түсіндіріледі. А.А.Потебняның теориясы бойынша, тілдің барлық рухани эволюциясының алғашқы нүктесі, бастауы — миф. Ол тіл дамуын: миф — поэзия — проза сатысына көтерді. Ал фольклордың ең көне жанры — миф адамзаттың алғашқы қауым болып өмір сүрген шағында пайда болған. Уақыт өте келе миф өзінің қасиеттілік әрі құпиялық сипатынан айырылып, ыдырауына ұшырауынан рулық қоғамның күйреуі, бұрынғы наным мен ұғымдардың өзгеруі және тағы басқа себептер ықпал етеді. Осындай өзгеру, жаңғыру барысында мифтің сюжеті әр түрлі жағдайды бастан кешіріп, сол халықтың өмірімен, тарихымен байланыстырылады. Сөйтіп, ерте замандағы көне мифтер аңыз-әңгімелер, ертегілерге айналды. Сондықтан тұрақты тіркестердің қалыптасуында ертегілік, аңыздық, уәждер, байланыстырылған сөздер ерекше орын алатыны сөзсіз. Сонымен қатар этнофразеологизмде салт-дәстүрге байланысты айтылатын тұрақты тіркестер сонау ерте заманнан келе жатқан салт болып табылады.

Сырға салу тіркесінің көрінісі ертегі-аңыздардан байқалады. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісінде Ерناзар өзінің тоғыз ұлын аяқтандырмақ болып тоғызына тоғыз келіншек іздеп жолға шығып, бір үйден тоғыз сырға көруі еске түседі. Осы туралы қазақ зергерлік өнерінің лексикасына этнолингвистикалық сипаттама берген ғалым Р.Шойбеков қазақ тұрмысында сырға тағудың, оны пайдаланудың әр түрлі этнографиялық мәнін сөз етеді [5].

Осыған орай салт-дәстүрде қыз ұзату тойына байланысты да фразалық тіркестер кездеседі.

Неке қияр; Неке оқу; Неке суы. Ескі салтта бұл бір-біріне жар болуға ризалық беру, жұптыққа адалдық, айнымастық серт ету, бұған көптің куәлігі.

Қол ұстату; Шап сипату. Күйеу мен қалыңдықтың бір-біріне жар болуға ризалығы болған соң, күйеу тарапынан қалыңдыққа жасалатын ризалық көңіл білдіруі, құрмет көрсету ізеті. *Қол ұстату, шап сипату деген атақты ырымдар осы* (М.Ә.).

Қалыңдық ойнады. Ұрын келіп бетін ашқан күйеу қалыңдығына келіп, ойнап-күліп жүруге ерікті болған, қыз бен жігіт бір төсекте жата беретін болған. *Осы салтты «қалыңдық ойнады» деп атаған* (М.Ә.).

Бәйге тікті. Озғанға берер жүлдесін атайды. Ал *Қарсақ, Борсақ жарысы болады. Жеңеше, балуанның қайсысы, бәйгеңді тік!* (М.Ә.)

Ер-әбзелін түзеді. Ат жабдығын сайлады. *Жатқырып жалын ұштымен, Құйрығын тарап сүзеді, Алтыннан тағып құйысқан, Ер-әбзелін түзеді* («Қобыланды батыр»).

Бата қылды. Өлген кісінің үйіне барып, дұға етіп, артына қалғандарына көңіл айтты, ас қайырды. *Қолымда туған адам еді, Мұқаң марқұмға бата ғып қайтайын деп талпындым* (С.Мұқанов).

Қалжа жеді. Әйел босанғаннан кейін жас сорпа-ішіп әлденеді деген мағынада. *Тақсыр, Жиренше жаңа ғана жас босанып, қалжа жеп жатыр еді* («Хан мен Жиренше»).

Кәдесін алды. Жолын алды. Салтқа байланысты жолмен сыйлық, бұйым сияқты алымын алды. *Кәкенді жеңгелері күйеуіне оңаша жолықтыру керек те күнәсіздігін көрсетіп, күйеуден кемпір өлді, ит ырылдар, бақан аттар, есік ашар, қол ұстатар кәделерін алуға тиісті* (С.Мұқанов).

Малдас құрды. Тізені алышайта беріп, аяғын айқастыра, астына ала отырды. Күшбегіне қарсы, дастарқанның бергі жағында малдастарын құрып, Күшбегіне қарай қалған Есенгелді мен Саржан (І.Есенберлин. «Қаһар»).

Ерулік берді. Көрші кеп қонған үй иелерін шақырып, қонақ ету мағынасында айтылады. Алғашқы күндер-ақ қатар қонған екі ауыл бір-біріне ерулік беріп, шақырысып, араға аяқ-табақ қатынап қалды (Ә.Нұрпейісов).

Есім мағыналы фразеологизмдер негізінен екі салаға бөлінеді: заттық мағыналы (субстантивтенген) фразеологизмдер және сындық мағыналы (адъективтенген) фразеологизмдер.

Зат есімдердің ішінде затты немесе заттық ұғымды әдеттегіше атаумен қатар, сол аталған заттың сын-сипат жағынан қандай екендігін қоса-қабат білдіре атайтын, олардың кейбір өзіндік сипатын нақтылай түсіп, әсерлеу не бейнелеу жолмен сезім түрде эмоциялы-экспрессивті рең беретін тіркестер бар. Олар заттық мағынада жұмсалатын фразеологиялық тіркестер. Заттық мағында ФТ-лардың семантикасында сындық мағына да ұшыраса береді. Сондықтан оларды сөйлемдегі қызметіне қарай анықтау керек. Мәселен, сын есімнің семантикалық мағынасы оның морфологиялық ерекшеліктерінен де, синтаксистік қызметтерінен де сараланып отырады. Сындық мағыналы фразеологизмдер мағына жағынан заттың сынын, белгісін білдіретін сөздер болғандықтан, сөйлемде көбінесе анықтауыш мүше болып қызмет атқарады. Сындық мағыналы және заттық мағыналы фразеологизмдердің құрамы ұқсас боп келген жағдайда (*зат есім + зат есім*) тек синтаксистік қызметіне қарап ажыратылады.

Абылай аспас асу (бел). Тым қиын асу, өте ауыр жол. *Теміржолдар тартылар, Абылай аспас белдерден. Аса соға, шарқ ұра, соңу Сібір-Түркістан (І.Ж.).*

Абылайдың ақ туы. Бұл сөз бұрын күллі қазақ атынан айтылар ұранның баламасы ретінде жұмсалған болған. *Олар ана жақта партия құрып, Абылайдың ақ туының астына алаш азаматын топтап, үш жүздің баласының басын біріктіріп жатқан көрінеді (Ә.Нұрпейісов).*

Азан айтып қойған аты. Азан шақырып, қазанның құлағын қағып қойған аты. *Азан шақырып, қазанның құлағын қағып қойған атым аталмай, қара бала атанушы едім (Қ.Жұмалиев).*

Ақ жол емі. Қазақтың ескі салтында ер жігітке оқ тисе, денеде тұрып қалған оқты түсіру үшін жаралы кісі үстінен әйелдерді үш мәрте аттататын әдет еді. Егер ол әйел күнәсіз болса, денедегі оқ кері шығады деген ұғым болған. Ешбір дәрісіз, құралсыз тек адалдығымен шипагер болғандықтан, әйелдердің бұл емін «ақ жол емі» деп атаған. *Ақ жол емі төре тұқымының әйел жынысын бозбалалықтан, ерлерінің көзіне шөп салушылықтан сақтау үшін Абылайдың өзі шығарған емі болатын (І.Есенберлин).*

Баба түкті Шапты Әзиз (діни). Ескі ұғымда қолдап-жебейтін әулие туралы айтылған. *Баба түкті Шапты Әзиз, баламды сізге тапсырдым («Қыз Жібек»).*

Бадана көзді кіреуке (көне). Бұрынғы кезде батырлар киген ірі көзді сауыт. *Бадана көзді кіреуке, шарайнасы бес қабат. Тоғыз қабат көз сауыт, Саған арнап соқтырып... Оны үстіңе кигейсіз («Қыз Жібек»).*

Бақан аттар. Құда түскелі барғанда құдалардан алатын кәде. *Кәкенді жеңгелері күйеуіне көрсетіп, күйеуден: кемпір өлді, ит ырылдар, бақан аттар, есік ашар, қол ұстатар сияқты кәделерін алуға тиісті (С.Мұқанов).*

Ілу сый. Күйеу есік аша келгенде әкелетін қалың малдың басы, қыз әкесі берген китін сыйдың қарымтасы, қаруы. *Қалың мал басы Алышбайдың өзіне арналған кесек күміс бесік жамбы. Бұл «ілу» деп аталып еді. Қаратын қарамалды айтқанда: жетпіс жылқы, отыз түйе аталды (М.Ә.).*

Жасау сый, жасау мата. Келіннің көрпе-төсек, киім-кешегіне деп әкелетін мата. *Ұлжан Алышбайдікіне көп қазына әкелді. Келген жылқы, түйеден басқа, жыртыстың бұл матасының өзі екі үлкен атанға артылып келіп еді. Оның ішінде келінге жасау тігінетін батсайы, шақбал, манат, дүрия, шағи бөлек салынған (М.Ә.).*

Күйеу жолы. Қайындап барған күйеудің киім кию үлгісі, қалыңдық аулында ұстанар ізет. Бұған тәжім ету де жатқан. *Басқа үкі тағу — бар күйеудің әдеті. Қызыл манат шапан мен биік өкше етік киіп, елден ерекше ұзын төбе тымаққа үкі тағып алу, бұл өңірдің бар күйеуіне жол болатын (М.Ә.).*

Ер қаруы бес қару (көне). Қылыш, найза, садақ, шоқпар және сойыл — ерлер асынып жүретін қару-жарақ. *Бұрын мықтағанда — ер қаруы бес қару дейді екен (М.Базарбаев).*

Еру ел. Көшіп келе жатып, жолай аз аял жасаған ауыл. *Еру елдің ерулігі болса, көшкен елдің көмегі болады (Мақал).*

Бас тоғыз. Ескілік кәде бойынша берілетін сыйлық. *Алғашқы айтқан билігің екен, дәлдігің үшін жолыңа нар бастаған тоғыз байлаттым, бұдан былай сенің сыбағаң бас тоғыз болсын* (Шешендік сөздер).

Ғазірет қызыр ие (діни). Жарылқаушы, құт басшысы қыдыр деген мағынада айтылып тұр. *Ғазірет қызыр иеміз: «Тұр, балам, жатпа!» — деп өте берді* («Мұңлық-Зарлық»).

Дөнен қымыз. Төрт күн тұрып ашыған қымыз. *Той қымыз, құнан қымыз, дөнен қымыз. Тең-теңдегі қара нарға сабаны артқан* (Н.Ахметбеков).

Еңсе қара. Күйеу алғаш келгенде алынатын кәде. *Еңсеме келдің, еңсе қараң қайда?* (Ауызекі тіл).

Жазға салым. Қыс өте, жазғытұрым. *Жазға салым қой қоздар кезде сауын айтылған* (М.Ә.).

Қайым өлең. Ұйқасын қуалай айтатын айтыс өлең. *Шоқан халықтың поэзияда ең көп тараған түрлер деп жыр, жоқтау өлең, қайым өлең, қара өлеңді жеке-жеке алып сипаттайды* (Қ.Жұмалиев).

Наз бедеу. Көрікті, келісті, әсем жүрісті жарау бие. *Астындағы наз бедеу, Аясы талмай зорығып, сағағында жапанда сары шыбын үймелеп, халық үшін туған қайратты ер нешеуінің кеудесі...* *Құба жонда қалған жоқ* (Б.О.).

Қарғы бау. Қыз айттыра барғанда жаушы апаратын шапан.

Қыз қашар. Қыз «қашырған» кісілерге, оны табу тартысы өткен үйге берілетін сый. *Күндізгі той өтіп, кешкілік үлкендер жатып қалып, қыз-келіншектер қалыңдықты көрші ауылға апарып, жасырып қояды. Ол ауылда бір үй арнайы дайындалады. Бұл топпен жүргендер екі жақ (күйеу жақ, қалыңдық жақ) болып бөлінеді. Әлгі үйге қалыңдық жағы қызды жасырып отырады, күйеу жағы іздеп барып табады. Екі жақ тартыс ойын жасайды. Күйеу жақ жеңіп, қалыңдықты жеңгеннің қолына береді. Әлгі үй иесіне күйеу бір ат, я жақсы қымбат шапан береді. Оны қыз қашар деп атайды* (Ы.А.).

Жоғарыда келтірілген құрамы екі компонентті фразеологизмдер сырт тұлғасы, яғни жасалуы жағынан, күрделі сөздерге ұқсап тұр. Сондықтан да кейде сөздіктерде күрделі сөздер мен есімдер фразеологиялық тіркестердің ара қатынасы, айырмашылығы ескерілмей қалады. Мұнда басты назар аударатын нәрсе: фразеологиялық тұлғалар күрделі сөздердей номинативті атауға ие емес, ауыспалы мағынада, үнемі бейнелі эмоционалды-экспрессивті мағынада жұмсалады.

Жалпы фразеологиялық тұлғалар мен күрделі сөздердің арасындағы елеулі айырмашылықты түсініп, саралап жазылғанын Ж.Шәкеновтың еңбегінен кездестіреміз. Фразеологизмдердің табиғатын құбылысқа, затқа ат қойып, айдар тағу қызметі жағынан бағаласақ, онда есім мағыналы фразеологизмдердің ішіне заттық мағыналы фразеологизмдердің түрлері көп. Себебі, мұнда айтылу айналасында үнемі өзіндік бағалау мен сипаттау жағы басым.

Заттық мағыналы этнофразеологизмдермен қоса сындық мағыналы этнофразеологизмдер де аз да болса кездеседі. Мысалы:

Ақ жем болды. Су сорып, ағарып кеткен. *Көк дорба борбай жағын ақ жем еткен, Намаздың бір шарты жоқ, түгел біткен* (С.Торайғыров).

Етегі қанамаған. Бала көтермеген, көрмеген. *Ұлдайдың етегі қанамаған кісі* (Қ.Жұмалиев).

Етегіне намаз оқыған. Адал, таза, пәк.

Аталған этнофразеологизмдер — ұлт тіліндегі фразеологиялық қордан орын алған, ерекше мазмұндық сипаты бар тұрақты тіркестер. Тіліміздегі этнофразеологизмдер тіл мен мәдениет байланысын айқындайтын этнолингвистикалық арналар болып табылады.

Қорыта келе, тіліміздегі тұрақты тіркестердің мағыналық астарында халықтың ерте уақыттан бергі өмірінің бүкіл болмысы сақталып суреттеледі. Халықтың күн-көріс, тұрмыс-тіршілік негізінде жан-жақты өрбіген түсінік пайымдаулары, соған байланысты қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың өзгешеліктері тілдік қолданыстағы тұрақты тіркестерден көрініс табады.

Фразеологиялық мағынаның пайда болуына дәстүрлі тіршілік пен мәдени өмірдің әсері мол. Образға негізделген көрініс тіл арқылы жарыққа шыққанда, ондағы ұлттық қабылдау, қазақи дүниетаным, ойлау ерекшеліктері бірден аңғарылады. Олай болса, этнофразеологизмдердің қалыптасу негіздерін халықтың ұлттық-мәдени көздерімен байланыстыра қарастырудың мәні зор.

Сонымен, тілімізде ойымызды бейнелі, мәнерлі етіп, айқын жеткізуде өзінің бейнелілігімен, әсерлілігімен, экспрессивті-эмоционалды бояуымен және ұлттық сипатымен айрықша көзге түсетін этнофразеологизмдердің маңызы ерекше құнды. Тіліміздегі этнофразеологизмдер — ұлт тілінің көрсеткіші. Этнофразеологизмдер ұлттық болмысымызды көрсететін этнолингвистикалық арналар болып табылады. Осы орайда қазақ тілінің фразеологиялық қорындағы даяр қалпында қолданылатын

тұрақты тіркестердің қалыптасу уәждерін, шығу тарихын зерттеу, зерделеу, ұлт тілінің байлығы ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізу — тілтану ғылымындағы ең бір өзекті мәселелердің бірі десек, артық етпес.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Хазимова Ә.Ж.* Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері: Канд. дис. автореф. — Алматы, 2002. — 30 б.
- 2 *Қайдар Ә.* Қазақ тілінің өзекті мәселелері. — Алматы: Ғылым, 1988. — 197 б.
- 3 *Кеңесбаев І.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1977. — 797 б.
- 4 *Смағұлова Г.* Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. — Алматы, 1998. — 128-б.
- 5 *Шойбеков Р.* Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. — Алматы: Қазақстан, 1993. — 56-б.

А.З.Казанбаева

Языковая характеристика этнофразеологизмов

В статье рассматривается функционирование этнофразеологизмов казахского языка в художественном тексте, которые определены как особый пласт фразеологических единиц, непосредственно связанных с сущностью этноса. В таких фразеологизмах отражаются национальное мировоззрение, психология, менталитет, традиции народа. Этнофразеологизмы являются богатым пластом лексического фонда национального языка, в котором ярко прослеживается связь языка с культурой. На конкретных примерах из художественного текста автором показан общеупотребительный характер этнофразеологизмов.

This article is devoted to the language nature of ethnophraseological units of our language. In ethnophraseological units are presented the outlook, life, tradition, customs of the nation. Ethnophraseological units are presented as riches of language of the nation through examples. Communication between culture and language is shown on the basis of an ethnophraseological unit. It is considered the use of ethnophraseological units in works of art and as an indicator of language of the nation. Ethnophraseological units are specified as national source of knowledge. Ethnophraseological units are considered as unities and synthesis of phraseological unities which concerns the life of ethnos.